

Л 2009

18585к

Қайсар  
ӘЛІМ

5

1 2009/10585

Қайсар



"Фолконт" баспасы  
Астана-2007

# Қайсар ӘЛІМ

СЕГІЗ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

**5-ТОМ**

## Махаббат жыршысы

*Әзілхан Нұршайықов пен Қайсар Әлімнің хаттасулары*

*1-кітап*

Эпистолярлық хикаят



"Фолиант" баспасы  
Астана-2007

ББК 84 Қаз 7-4  
Ә 55

Ә 55 **ӘЛІМ Қайсар**  
**Сергіз томдық шығармалар жинағы.** — Астана: Фолиант, 2007.  
**Т.5: Махаббат жыршысы: Эпистолярлық хикаят.** 1-кітап.  
— 328-бет.

ISBN 9965-35-159-7

Жазушы Қайсар Әлімнің «Махаббат жыршысы» кітабының алтын арқауына Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік және А.А. Фадеев атындағы мемлекетаралық сыйлықтарының лауреаты Әзілхан Нұршайықов екеуінің 30 жыл бойғы (1975–2005 ж.ж.) хаттасулары негіз болған.

“Махаббат жыршысы” өмір ұғымының терең мәнін айшықты көмкеруімен әрбір оқырманның жүрегіне алтын нұр себезгілегендей әсерге бөлейді.

Ә  $\frac{4702250201}{00(05)-07}$

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-35-159-7 – (Т. 5)  
ISBN 9965-35-154-6

© Әлім Қайсар, 2005  
© “Фолиант” баспасы, 2005  
© “Фолиант” баспасы, 2007


# Махаббат ЖЫРШЫСЫ

Әзілхан Нұршайықов пен Қайсар Әлімнің хаттасулары

Эпистолярлық хикаят

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Маған Абайдың әсері тегі



Ұлы Жеңістің 60 жылдығымен тұспалдас жарық көрген бұл кітабымды майдангер-жазушы Әзілхан Нұршайықовтың мәңгілік махаббатына айналған соғыс ардагері Халима Қалиәкпарқызы Өзбақанова-Нұршайықованың рухына арнаймын.

Автор.

## АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

### Маған Абайдың әсері тиді

*(Абайдың қайтыс болғанына 100 жыл толуына байланысты “Атамұра” корпорациясының демеушілігімен Алматыда өткен аста айтылған сөз)*

Өзінен кейінгі ұрпақтардың бәріне Абайдың әсері тиді. Абайдың қайтыс болуының 100 жылдығына жайылған үлкен дастарқан басына жиналып отырған зиялы қауым өкілдері: біріміз философ, біріміз ақын, біріміз әнші тағы басқалар біріміз тегіс Абайға қарыздармыз. Әрқайсымыз өз шамамызға қарай сол қарыздарымызды өтеп келеміз, өтей береміз.

Абайға сол борышкерлердің бірі менмін. Мен Абай өлеңін 12 жасымнан бастап жаттадым. Ұлы Отан соғысында Абай томдарын нан, винтовка патрондарымен бірге зат қапшығыма салып арқалап жүрдім, 14 жасымнан бастап Абайға еліктеп, өлең жазуға кірістім, Абайдың лирикалық өлеңдерінің қуатымен 14 жасымда қызға ғашық болдым. Абай сипаттағандай қызым болса екен деп армандадым. Алғашқы жақсы көрген қызыма 3 жыл ғашық болып жүрдім. Оған 100 хат жаздым. Көбін өлеңмен жолдадым. Бірақ ол қыз уәдесін орындай алмады. Сондықтан:

Жүз хат жаздым бір қызға,  
Жоқ әдет қазақ, қырғызда.  
Махаббатым мәңгілік,  
Үлгі болсын ұл-қызға! —

деп, ол қызбен жылап қоштастым. Шын жыладым.

Менің ең алғашқы бала махаббатым осылай аяқталды.

Сұрғылт тұман дым бүркіп,  
 Барқыт бешпент сулайды.  
 Жеңіменен көз сүртіп,  
 Сұрланып жігіт жылайды.  
 Әйелмісің, жылама,  
 Тәуекел қыл Кұдайға!  
 Өлең айт,  
 Үйге қайт! —

деп Абай айтқандай, “белді буып, бетті жуып”, “үйге қайттым” — Семейдегі Абай атындағы педагогикалық училищенің жатақханасына. “Ақылы бар, ары бар, ұяты бар ата-ананың қызынан ғапыл қалма” деп ұлы атамыз айтқан жақсы қызды қайтадан іздедім. Аузымның салуы бар екен — таптым! Жүрегімдегі бала махаббат өшіп, жана махаббат тұтанды. Абай айтқан асыл қызға қолым жетті. Оның өзі де Абай ауданының қызы болып шықты, сол ауданның Жүрекадыр деген ауылында туған. Абайдың Сабырбай ақынның қызы Қуандық сұлуға құмартып, ғашық болған жері. (“Абай жолы” эпопеясын қараңыз). Сол жерде Абай қайтыс болғаннан 21 жыл кейін дүниеге келген. Бұл қызға табандатқан 9 жыл ғашық болдым. Оның 4 жылы соғыс, қалғаны мектептегі оқумен өтті. Қанша жыл өтсе де, ол қыз уәдесінде тұрды. Осы қызбен қосылып, 54 жыл бақытты өмір сүрдім. Нағыз бақытты ғұмыр кештім.

Егер Абай жақсы жардың сыртқы, ішкі портретін жасап, ақыл, ой, мінез, парасат, көркінің қандай болуы керектігін айтып кетпеген болса, мен кез келген салақ, олақ, санасыз қызға үйлене салып, бұл дәрежеге, тіпті, бұл күнге жетпеген болар едім. Абай айтқан махаббат мұратыма жеткізді.

Абайдың лирикалық өлеңдерінің қуатымен менің жүрегімде әйелге деген асыл махаббат қалыптасты. Махаббат менің сүйегіме сінді. Менің пайымдауымша: Махаббат — әйел. Махаббат — әйелдің асыл затын мойындау. Әйелсіз өмір жоқ екенін ұғыну. Махаббат — әйелге деген мәңгілік құрмет. Оған деген шексіз сүйіспеншілік. Махаббат — еркектің көп әйелге тамсанып, қызығуы. Бірақ жалғыз әйелге ғана жан-тәнімен

ғашық болып, тек соған ғана табынуы. Ғашығына қосылып, қысқа ғұмырды тату-тәтті, жан аямас дос болып өткізуі. Махаббат – әйел сұлулығына сүйсіну. Әйел тәнінің тәттілігін түйсіну. Әйел жанының жалынына шарпылу. Әйелдің әр сөзін ән деп бағалап, соған рақаттану, елту, емірену. Махаббат – адамзат ойының ең тәтті жемісі! Атом – адамзат ойының ең ащы жемісі. Әйелсіз – махаббат жоқ, махаббатсыз өмір жоқ!

Осының бәрі Абайдың ойы, Абайдың сөзі. Мен мұны өзімше өрнектеп айтып тұрмын.

Махаббатсыз – дүние бос,  
Хайуанға оны қосындар.  
Қызықтан өзге қалсаң бос,  
Қатының, балаң, досың бар, –

деген Абай.

Махаббат мені жазушы етті. “Махаббат жыры”, “Әсем”, “Ботагөз”, “Ескі дәптер” және “Алғашқы махаббат” деген лирикалық повестер жарияладым. Одан кейін Абай өлеңінің бір жолына негіздеп, “Махаббат, қызық мол жылдар” деген роман жаздым.

Бұл роман менің ең атақты кітабым болды. Абай рухымен жазылған романды жастар үлгі тұтты. Ол романды оқып өскен кейбір жастар бүгінгі Абай асына қатысып отырған да болар. Бұл роман 20 ғасырда қазақ, орыс тілдерінде бірнеше дүркін басылып шықты. 21 ғасырдағы бірінші басылымын “Атамұра” корпорациясы жанадан басып шығарды. (Одан кейін “Өлке”, “Қазығұрт” баспалары және жариялады, 2004, 2005 жылдары. Қ.Ә.)

Бүгін, Абайдың қайтыс болғанына 100 жыл толуына байланысты өз қаражатына ас өткізіп отырған “Атамұраға” Абай өлеңінің бір жолына негізделген сол романды жаңа ғасыр жастарына арнап қайта басып шығарғаны үшін шын жүректен алғыс айтамын.

2002 жылы бұл роман қайта басылып шыққанда оның бас кейіпкері Меңтай 75 жасқа толды. “Өзімнің сүйікті кейіпкеріме сыйлығым” деп Мұхтар Құл-Мұхаммед ол кісіге 75 кітап жіберді (әр жасына 1 кітаптан). Ол кітаптарды мен апарып бердім. Мұхтардың бұл сыйлығына кейіпкердің мерей-



тойына жиналған Кентау кеншілері шексіз риза болды. Мұхтарға өздерінің шахтерлік алғыстарын айтты. Маған өз алғыстарын абзал азаматқа жеткізуді сұрады.

Мен, бүгін Абайдың 100 жылдық ас-тойында кеншілердің сол алғысын Сіздердің алдарыңызда Мұхтар мырзаға жеткізіп тұрғаныма қуаныштымын.

2001 жылы менің жан жарым, әдеби серігім Халима қайтыс болды. Сол кісі өмірден өтерде маған: “Сен құран білмейсін ғой. Менің бейітімнің басына келгенде, Абайдың 2-3 шумақ өлеңін оқы. Мен соны құран ретінде қабылдаймын” деп, өсиет еткен еді.

Әйелімнің өмірден озғанына ертең (27.07.2004) үш жыл толады. Содан бері оның басына 50-60 рет бардым. Өйткені мен өлген әйеліме ғашықпын! Барған сайын Абайдың “Айттым сәлем, Қаламқасының” алғашқы үш шумағын оқимын:

Айттым сәлем, Қаламқас,  
Саған құрбан мал мен бас.  
Сағынғаннан сені ойлап,  
Келер көзден ыстық жас, Халима!

Сенен артық жан тумас,  
Туса туар артылмас.  
Бір өзіннен басқаға,  
Ынтықтығым айтылмас, Халима!

Асыл адам айнымас,  
Бір бетінен қайрылмас.  
Көрмесем де, көрсем де,  
Көңілім сенен айрылмас, Халима! —

деп бетімді сипап, құлыптасын құшақтап, мұнайып үйге қайтамын. Мен үшін осыдан артық құран жоқ!

Бұл не деген сөз? Бұл — Абай өлеңдері құранға айналды деген, қазақ халқының ұлттық құранына айналып бара жатыр деген сөз. Ендеше: Құдайдың аты өлмейді, Абайдың хаты өлмейді, аты өшпейді, атағы жойылмайды.

Сөзімнің соңында айтарым: “Атамұра” корпорациясы бүгін Абайдың 100 жылдығына арнап ас беруді ұйымдастырып,

ұлттық үлгі, халықтық өнеге көрсетіп отыр. Бұл да — бір тарихи оқиға! Мұны жай қазақы ас қана емес, сонымен бірге діни-әдеби-ғылыми конференция деп те атауымызға болады.

Жақында осыдан бір апта ғана бұрын “Мәңгілік махаббат жыры” деген прозамен жазылған поэмалды аяқтадым. Мұны да мойнымдағы Абай қарызын өтеу жолындағы тағы бір талпынысым деп білемін. Және оны Абайдың осы ас-тойының алдында бітіргеніме қуаныштымын. Аса құрметті Иманғали Тасмағамбетов бауырымның демеуімен “Өлке” баспасынан “Махаббат жырлары” деген кітабым басылып шыққалы жатыр. Астанадағы баспалардың бірінен жазушы Қайсар Әлімнің мен туралы жазған “Махаббат жыршысы” деген кітабы жарық көрмек. Осының бәрі — Абайдың арқасы, маған тиген Абайдың шарапаты! Менен басқа да Абай шарапатын көргендер қаншама!

Жоғарыда Абай үйреткен махаббат мені жазушы етті дедім ғой. Жалғыз мені ғана емес, менен басқа қаншама қазақты ақын, жазушы, журналист, қаламгер, кәсіпкер етті десенші Абай! “Жалға жүр, жат елге кет, мал тауып кел, малың болса, сыйламай тұра алмас ел” немесе “Есек к... жусанд мал тауып кел, қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас” деген сөзді алғаш айтып, жігітті кәсіпкерлікке, елді еңбекке шақырған Абай болатын.

Адам өз өміріне ауа мен судың қаншалықты қажет екенін сезбейді, сезсе де мән бермейді. Сол сияқты біз өз тіршілігімізге — ойымыз бен өнерімізге, қызметіміз бен ғылымымызға Абайдың қанша игілікті әсер еткенін, етіп отырғанын, ете беретінін байыптап, бағалай білмейміз. Өз бойымызға біткен қасиет деп ұғамыз. Сол табиғи қасиетімізді өсіріп, өрбітіп, өресін биіктеткен Абай ғой.

Ғылымға, білімге, өнерге құштарлығымызды күшейткен Абай ғой! Құрметті діншілдердің көңіліне келмесін: библия, інжіл, құран, тәурат деген сөздердің қазақша баламасы — синонимі Абай ғой! Абай деген сөз! Мұны бірде түсініп, кейде байыптай бермейміз. Ұлттың рухы — ана тілі десек, біздің әдеби ана тіліміздің алтын бастауы да Абай ғой!

Абай!..

\*\*\*

Құрметті оқырман!

Қолыңызға тиген бұл кітап мен туралы. “Махаббат жыршысы” деп автор мені айтып отыр. Ал **махаббат жыршысы** деген аса үлкен атақ. Ол атаққа Данте, Петрарка, Овидий сияқты ұлылардың ғана қолы жеткен. Олар Махаббат деген дарияның айдынында жүзген қуатты кемелер (корабльдер) болды. Ал ол кемелердің қасында мен балықшының кішкентай қайығына ғана ұқсаймын.

Мен осы **қайықшы** дәрежесіне (**капитан** емес) Абай арқылы жеткенімді жоғарыда келтірген сөзімде айтыппын. Ендігі айтарым – Абай өлеңдерінің бір жолына ғана негіздеп жазған “Махаббат, қызық мол жылдар” романым өткен ғасырдың отыз жылында 6 рет басылып шықса, 21 ғасырдың алғашқы 5 жылында үш рет қайта басылып шыққаны. Бәлкім, алда да басылар. Осының бәрі – Абайдың арқасы. Абайдың арқасында махаббат теңізінің белгілі “қайықшыларының” бірі болғанымды мақтаныш етемін!


Қайсар Әлімнің бұл кітабына менің ешқандай көмегім тиген жоқ. Тіпті оның қолжазбасын да қолыма ұстап, қарап шықпаппын. Менің бар көмегім – автордың маған жіберген сұрақтарына тегіс жауап жібергенім ғана. Бар бітіргенім осы.

Қарапайым адам, қарапайым азамат, қарапайым журналист-жазушы мен туралы мұндай кітап жазғанына іштей қуанамын, әрине. Тіпті мақтанамын да. Бірақ бұл керемет кітап деп, өз тарапымнан баға бере алмаймын. Кітапты оқып шыққаннан кейін лайықты бағасын өзіңіз берерсіз, қымбатты оқырман. Қадірлі Қайсар інімнің бұл кітабы сіздерге ұнаса, онда мен өзімді бақыттымын деп сезінемін.

*Әзілхан Нұршайықов.*

*1.02.2005 жыл. Алматы.*

# I БӨЛІМ



*Адамшылықтың алды - махаббат, әделет, сезім.*

*Абай*

*Халық:*

## МАХАББАТ МАЗДАҒЫ

- ✿ Журналистің ақыл сұрауы
- ✿ “Боздақтар” бебеулейді
- ✿ Автограф – жүрек сөзі
- ✿ 6 рет инфарктпен айқас
- ✿ Диссертацияның діттегені – діл
- ✿ От кешкен 786 күн!
- ✿ Ата Заң – айнымас заң
- ✿ Қош, қайран Халима!
- ✿ Мәңгілік маздақ
- ✿ Жазушылар жасыны

Алматы, Мир көшесі, 159, 21-пәтер.  
Ә.Нұршайықовқа

**Құрметті Әзілхан аға!**

Сау-сәлемет болдыңыз ба? Сізді алда келе жатқан 5 май —  
Баспасөз күнімен құттықтаймын!

Менің Сізге амалсыздан хат жолдап отырған жайым бар.  
Әрине, осындай ұсақ мәселемен уақытыңызды алғанымға кешірім өтінемін. Қысылған сәтімде Өзіңіз есіме түсіп, басқа амалын таппай, Сізге ғана жүгінуіме тура келді.

Енді токетерін айтайын. Рудныйлық экскаваторшы Сәлім-  
жан Досов туралы “Серпін” атты очерк жазып, өз газетіме  
(облыстық “Коммунизм таңы”) ұсынып едім, басшылар жағы  
“бұл очерк дәрежесіне толық көтерілмеген” деп, жанрын қой-  
май жарияламақ болды. Бұған мен келіспедім. Оны қайтарып  
алып Сізге жіберіп отырмын. Оқып көріп, жанрын анықтауға  
көмектеспес пе екенсіз? Өзім очерк дәрежесіне көтерілген се-  
кілді деп ойлаймын.

Құрметті Әзілхан аға! Мына “Жүрек жылуы” деген очер-  
кімді де қосып салып отырмын. Газетке жарияланған болатын.  
Бұны да сараптан өткізіп берсеңіз екен.

Өзіңізге ұқсап “очеркист” болғым келгендіктен осындай  
тосын ұйғарым жасадым. Жас журналистердің ұлағатты ұстазы  
атанған Сіз бұл өтініштерімді ескерусіз қалдырмайды деп  
сенемін.

*Өзіңізге деген іңкәрлікпен Қайсар ӘЛІМОВ,  
Қостанай облыстық “Коммунизм таңы”  
газетінің өнеркәсіп, транспорт және  
құрылыс бөлімінің меңгерушісі.  
Қостанай қаласы. 2.05.1975 жыл.*

\*\*\*

Қостанай, Кочубей көшесі, 40.  
Қ.Әлімовке

### Қадірлі Қайсар!

Сізге кешігіп жауап беріп отырғаныма ғапу өтінемін. Сізден хат алғаннан кейін Шығыс Қазақстан, Семей, Шымкент облыстарына барып қайтуыма тура келді. Бұрынғы майдангер жолдастарыммен жолығуым қажет еді.

Сіздің маған жіберген екі очеркіңізді де оқыдым. Екеуі де газет очеркі екен. Газет үшін ешқандай кемшілігі жоқ дүниелер. Сондықтан ол екеуін де қай газетке болса да, ұялмай ұсынуға, қымсынбай басуға болады.

Ал газет очеркі мен көркем очерктің арасында айырма барын өзіңіз білесіз ғой. Газет очеркі не болды деген сұраққа хабарлай жауап береді. Көркем очерк оның қалай болғанын баяндап түсіндіреді. Мысалы:

1) Электровоз машинисі Сәлімжан Досов тәжірибелі машинист Дмитрий Алексеевич Тереховпен социалистік жарысқа түсті. Алғашында Досов Тереховтан қалып қойды. Артынан озып шықты. Сондықтан оны электровоз цехының бастығы Василий Евсеевич Корнев машинист-нұсқаушы етіп жоғарылатты. Ол бұл жұмысты жігерлі ұйымдастырып, барлық машинистердің цехқа келген жана тепловоздарды менгеруіне мұрындық болды. Дмитрий Алексеевичтің өзі де Сәлімжанның жігерілілігін мойындап, оған қарыздармын деп есептеді. “Себебі Сәлімжан (оның) жарыстағы қырсыздықтарын қыр соңынан қалмай айтып, бетіне басып отырды” (“Серпін”, 14-бет) деп аяқталатын материал газет очеркі болады.

2) Осы хабарда Сәлімжанның қандай екендігі, мінез-құлқы, жігері оқушының көз алдына елестеп отыратын болса, кейбір қимылы, айтқан сөздері ойда қалса, Тереховтан қалып қойғандағы күйзелісіне оқушы иланып, соған жаны ашып отырса, ең соңында оқушы “Бәсе, мұндай адам өз дегеніне жетпей қалуға тиіс емес!” деген қорытындыға келсе, оқушы онымен қоса қуана алса, міне бұл – көркем очерк. Бұл өзіңізге әбден айқын жай. Сіздің екі очеркіңіз де осының біріншісіне жатады.

Әрине, Сіз жазғанымның газет очеркі екенін өзім де білемін. Бірақ соны қалай көркем очерк етуге болады, маған Сіз осыны айт дерсіз. Бұл жайында білетінімді бір хатпен айтып жеткізіп, түсіндіріп беру маған да мүмкін емес.

Ең алдымен бұған бірсыпыра өмір тәжірибесі керек болар. Сіз газет очеркін жазуды меңгеріпсіз. Енді ары қарай талпынып, талаптана беру шарт. Мәселен, Сәлімжан туралы жинаған материалыңызды егер осы очерк емес, әңгіме болса қалай жазылар еді деп те ойлап көріңіз. Әрине, көркем очерк немесе әңгіме жазу газет очеркін жазғаннан гөрі уақытты көп тілейді, көбірек ойланып-толғануды талап етеді. Әсіресе тіл жағына көбірек назар аудару керек. Сіз газет тіліне бапандай көрінесіз. Және ылғи газет тілін қолданады екенсіз. Көпшілікке түсініксіз, мағынасы екіұшты сөздерді де қолданып жіберетініңіз байқалады. Мысалы, “Ертең көре, біле аузын ашпады демерсің” (3-б.). Осындағы “демерсің” деген мүлде теріс қолданылған сөз ғой. “Мені қолтығымнан демерсің” деуге болады, ал “аузынды ашпады демерсің” деп ешкім де айтпайды ғой. Немесе: “Проценттерің 200-дің үстіне шығып кеткені ме? Жарағансындар!”. Осындағы “жарағансындар” деген де өз орнында тұрған сөз емес. Очеркист сөздің мағынасын жете білуі парыз. Қолданған әр сөзіңнің екіұшты мағына бермеуін қарастыру, айтайын деген ойыңды дәл білдіретін сөздер таба білу қажет.

“Жүрек жылуы” атты очеркіңізді “Қазақстан мұғалімі” газетіне ұсындым. Газет очеркін жазып, республикалық газеттерде жариялату Сізге таңсық дүние емес сияқты. Сол себепті мына очеркіңізді қайта жазу үшін өзіңізге жіберіп отырмын. Осы жазғаным көркемдік дәрежесіне көтерілді-ау деген ең соңғы нұсқасын маған қайтадан жіберерсіз.

Сіздің жай журналист емес, журналист-жазушы болуыңызға шын жүректен тілектеспін.

*Құрметпен Әзілхан.  
24.06.1975 ж. Алматы.*



\*\*\*

**Қымбатты Қайсар!**

Сізді, семьяңызды және коллективіңізді келе жатқан Бірінші май мейрамымен, Баспасөз күнімен және Жеңіс мерекесімен құттықтап, тілектестігімді білдіремін.

Сіздің облыстың оқырмандарына сәлем ретінде мынау кішкентай материалды (“Айгүлге жауап”) жіберіп отырмын. Егер газеттің мүмкіншілігі көтерсе, пайдаланарсыздар.

*Құрметпен Әзілхан.  
25.04.1978. Алматы.*

\*\*\*

Осы хатқа түсінік. Әзілхан Нұршайықовтың маған жіберген “Айгүлге жауап” атты материалын Қостанай облыстық “Коммунизм таңы” газетінде жариялаттым да (№95, 12.05.1978.), авторға 3 дана газетті салып жібердім.

\*\*\*

**Аса қадірлі Әзаға!**

Сау-сәлемет болдыңыз ба? Апайдың, балалардың жағдайы, денсаулығы жақсы ма? Өзіңіздің көңіл-күйіңіз қалай? Өткенде ауырып қалғандығыңызды “Жұлдыз” журналындағы мақалаға орай жазған дүниеніңден білгендей едік. Бұл да бір аса бір шеберліктің белгісіндей жазба болды деп есептейміз.

Ұлы Жеңістің елу жылдығы Сіз үшін ерекше мейрам ғой, соған шын жүректен шыққан құттықтауымызды қабыл алыңыз. Ел бақыты үшін күрестіңіз, енді оқырмандар бақыты – тамаша кітаптар үшін осылай ерлікпен күресе беруіңізді қалаймыз. “Боздақтардың” өзі неге тұрады?! Торғайлықтар тұшынып оқып жатыр.

Құрметті Әзілхан аға, жуырда алған “Ерен еңбегі үшін” медаліңіз қайырлы болсын.

Нақты дерекпен жазылған, көп жылдан бері күнделік жүгі болып жүрген мөлтек дүниелерім бар еді, солардың басын қосып, қомақтылау жинақ әзірлеген едім. Газетке Сізге қатысты жерін шығарып едім, соларды оқып көрсін деп, салып жіберіп отырмын. Бұдан басқа да менің қолымда өзіңізден кезінде “Очерк қалай жазылу керек?” деп ақыл сұрағанымда қайтарған жауабыңыз, т.б. бар. Ол жағы да өзінше әңгіменің өзегіне айналып жатыр.

Алда келе жатқан Баспасөз күні құтты болсын, аға!

*Сәлеммен торғайлық ініңіз,  
жанашырыңыз — Қайсар ӘЛІМ.  
5.04.1995 ж. Арқалық.*

\*\*\*

Арқалық қ.,  
Горбачев көшесі, 57, пәтер 29.  
Қ.Әлімовке.

### **Қымбатты Қайсар бауырым!**

Сіздің биылғы 5 сәуірде (?) жазған хатыңыз менің қолыма 13 мамырда тиді. Хаттың әдірісіне біздің бұрынғы мекеніміз көрсетілген екен. Оны әкелген студент бала біздің жаңа үйді әркімдерден сұрастырып жүріп, әрең тауыпты. Ерінбей іздегеніне мың рақмет ол азаматтың! Ал, бұл бір бағалы әрі бай пакет болды. Өйткені оның ішінен сәлем хаттан өзге “Торғай таңы” газетінің екі нөмірі (22 және 25 сәуір 1995 ж.) мен “Сұлтанбек пен Бәтима” деген бір кітап шықты. Үлкен ілтипатпен жазған хатыңызға, құттықтауларыңызға көп рақмет, қалқам.

Газеттегі “Журналист сырынын” үзінділерін оқыдым. Оның кейіпкерлерінің көбі мен білетін адамдар екен. Олармен кездескен, сөйлескен сәттер еске түсті. Менде жазушылар, журналистер, ғалымдар, өнер қайраткерлері сыйлаған 650-ден астам кітап бар. Әр автордың қолтанбасы жазылған ол кітаптар менің аса қымбатты дүниелерім ретінде кабинетімдегі кітап шкафтарының ең жоғарғы сөресінде сақтаулы тұр. Тек соңғы кезде ағайындар сыйлаған 4-5 кітап қана (ішінде 1995 жылы

шыққан Тұрсынбек Кәкішевтің “Кер заманның кереғар ойлары”, т.б. бар) оқуға және каталогқа кіргізуге уақыт болмай, үстел үстінде жатыр.

Жұрт қолы жетпесін деп жоғарыға қойылған кітаптардың ішінде Сіздің де төрт кітабыңыз бар, бауырым. Олар: 1. “Жамбыл” совхозы”, 2. “Шабытты еңбек”, 3. “Түлеген тыңның түлектері” және 4. “Чернобыль қаһарманы”. Соңғы кітаптарыңыздың біріне маған былай деп автограф жазған екенсіз: “Қадірлі Әзілхан аға! “Мен журналистпіннің” әсерімен кітап жазатын да болып алдық. Мын рахмет Сізге!

*Қайсар.*

*14.03.90. Қостанай.”*

Енді міне Сізден бесінші кітап алып (“Сұлтанбек пен Бәти-маны” айтамын) және журналистер туралы болашақ кітаптың үзінділерін оқып, қатты қуанып отырмын. Шәкіртін (“Сіздің шәкіртіңізбін” деп 1978 жылы Өзіңіз жазыпсыз) саликалы азамат болып, халыққа рухани азық ұсынып жатса — қалай қуанбасқа!

Сіздің кезінде күнделік жазып жүргеніңіз қандай жақсы болған. Соның нәтижесінде ертеңінде ұмыт боп кететін көп жайлар қаламыңызға олжа боп ілініп, кітабыңыздың шыншылдық сипатын шырқата жарқыратып тұр.

Қымбатты Фафу інімнің Сізге берген автографын оқығаннан кейін оның өзіме сыйлаған қолтаңбалары есіме түсті. Алып қарасам үш кітапқа жазған екен. Біріншісін осыдан 35 жыл бұрын мен Павлодарда өзіңіз сияқты “Социалистік Қазақстанның” тілшісі боп жүргенде, Алматыға бір келгенімде беріпті. Иван Буниннің өзі орысшадан аударған “Антон алмасы” кітабының бірінші бетіне былай деп жазыпты:

### **Ардақты Әзаға!**

Алыста жүрсеніз де жақындағыдан жақынсыз. Анда-санда көрісіп, ыстық сәлем берісіп, қанатымыз жыртылмай, көкірегіміз сөгілмей, алдағы асыл күндерге құшақтасып бірге барсақ деген тілектің белгісі болсын.

*Ініңіз Фафу. 15 июнь, 1960 ж.*

Сол жылы менің “Жомарт өлке” деген төртінші очерктер жинағым шыққан болатын. Соның жұмысымен келдім бе, әлде редакция жиналысқа шақырды ма – есімде жоқ (тілшілік қойын дәптерлерімнің бірінде жазулы болса керек, оны қазір қарап жататын уақыт бар ма), әйтеуір Фафу екеуміз сонда кездестік. Бұрыннан сыйлас адам болмасак та, ол маған осындай жалынды тілек жазып, жақсы пейілмен кітабын сыйлады. Оның айтқаны келді. 1960 жылдарда әдебиетке кірген Фафу, Шерхан, Сайын, Әбіш, Қалихан сияқты бір топ дарынды жастардың сонынан ілесіп, мен де әдебиеттің биік табалдырығын аттадым. “Махаббат жыры” деген алғашқы повесім 1964 жылы жарыққа шықты. Содан бастап мен осы талантты топтың сонынан ілесе бердім. Фафуша айтқанда: “Қанатымыз жыртылмай, көкірегіміз сөгілмей алдағы асыл күндерге құшақтаса” ұмтылдык.

1972 жылы желтоқсанда мен елуге толдым. “Шапан жабамыз, шампан ішеміз, келіңіз” деп мені Жазушылар одағына шақырды. “Ондай құрмет көрсететін дәрежеге жеткемін жоқ” деп мен бармадым. “Шампан ішеміз, шарап жұтамыз десеніздер үйге келіңіздер” деп отырып алдым. Ақыры Жазушылар одағының екі хатшысы Д.Ф.Снегин мен Қ.Тұрсынқұлов бастаған іштерінде Фафу бар 6-7 әдеби консультанттар үйге келді. Фафу сонда өзінің “Сарыарқа саздары” деген таңдамалы өлеңдер жинағына мынадай бір шумақ өлең жазып сыйлаған еді:

Аналайын Әзаға!  
Еңбегіміз осы біздің мұралык,  
Пайғамбармыз біз де берер дұғалык.  
Елу деген екеуімізге не, тәйірі,  
Сексенде де амандасып тұралык.

*Сіздің Фафу. 29.XII.1972 ж.*

1978 жылы Фафу елуге толды. Той жасады. Оның тойы кезінде мен сырқаттанып ауруханада жаттым. Бірақ Фафуды құттықтап, хат жазып жібердім. Той өткеннен кейін Фафу ауруханаға келіп, екі томдығын сыйлады. I томның бірінші бетіне мынадай өлең жазып әкелген екен:

“Ардақты, менің туған Әз-ағамсын,  
 Білемін, асыл сүйек, таза ағамсын.  
 Тойыма жазған хатың толқытты ғой,  
 Деменіз: неге шапшаң азағансын.  
 Сөзі асыл сен секілді сирек жанның  
 Қуаты, босап қалдым, қозғаған соң.  
 Денсаулық – асқан байлық, ұл сыбағасы,  
 Тілегім: бұлтты көңіл тез ағарсын.  
 Сәлемім – жолда заулап келе жатқан  
 Тізгінін арғымақтың соза барсын!

*Асқан ризашылықпен ініңіз Фафу.  
 30.VIII. 1978 ж. ”.*

Амал не, қазақ халқын көркем сөзбен сусындатқан қайран Фафу жетпіске де жетпей дүние салды.

Сіздің тағы бір кейіпкеріңіз Кеңшілік те менің сыйлас інім еді. Біздің үйге жиі келіп жүретін. Жиі-жиі телефон соғып, хал-жайын, қайда болғанын хабарлап отыратын. Кейде түн ортасында телефон соғып, ұзақ ұстап қалатын. Оның көңілді күйін аңғарып, мен сөзін бөлмей тыңдай беретінмін. Сол Кеңшілік те маған 3 кітабын сыйлапты (“Ауыл мен астана”, “Замандас сыры” және “Қасиетті қас қағым”). Соңғы кітабына былай деп автограф жазыпты: “Өмірде де, өнерде де ұстаз тұтар Әз-ағана, інілік, қаламдастық ниетпен – Кеңшілік. 7.XI.85 ж.”.

Бір рет Кеңшілік Жазушылар одағының басшылығына айтып, көмектесуімді сұрады. Көмектестім. Ол қатты риза болды. Үйіне қонаққа шақырды. Мен ауруханаға түсіп қалып, үйіне бара алмадым. Дәм тартпады. Кейін Кеңшіліктің кенеттен өмірден өтіп кеткенін естідім. Автографтарды оқыған соң Кеңшілік кітабының бетін сипап, ішін парақтадым. Әр бетіне өзімнің қара қарындашпен қойған белгілеріме көзім түсті. “Біржан сал” поэмасындағы мына шумақтардың тұсына тік сызық тартып, белгі соғыппын:

Дүние-ай,  
 дүние деген шырқкөбелек,  
 Біреуге үлде менен бұлде керек.  
 Біреуге рақат керек, мұң не керек,

Біреуге байлық керек, жыр не керек?  
Біреуге патша керек, ел не керек,  
Біреуге ханша керек, күң не керек?..

Ал мынадай кейбір жолдардың астын сызып қойыппын:

Бұл халық тезге көнбес, сөзге көнер...  
Қазақтың тууы да, өлуі де — ән,  
Ән біздің сертіміз де, антымыз да!  
Өнерді жасардағы көзсіздік пен  
Өнерді сүйе алудай ерлік бар ма?!  
Заманның қоңырауындай кеудесі бар.

Мінеки, “Торғай таңы” газетінің Сіз жіберген екі нөміріндегі “Журналист сырын” оқығанда осы оқиғалар ойыма түсті, Қайсар. Енді ол сарбаздардың саңқылдаған сөзін, саңқылдаған күлкісін ешқашан естімейміз. Күлімдеген көздерін көрмейміз. Жарқылдап ұсынған алақандары уысымызға ілінбейді. Осылардың орнына олардың қолымызда қалған кітаптарының беттерін ғана сипаймыз. Өстіп, алдан ағаларды, арттан інілерді ұрлап Өмір бізді аяусыз тонап жатыр, бауырым.

“Сұлтанбек пен Бәтимаға” әлі кіріскемін жоқ. Кейін оқымын. Енді маған жазған хатыңызға қайта оралайын. “Денсаулығыңыз қалай?” деген екенсіз. 1991 жылдан бері үйде ауырып жатырмын. 6 рет инфаркт болғамын. Соның салдарынан тамырдың соғуы бірде азайып, бірде көбейіп кетіп, жанды қинайды. Азайғанда минутына 20-30 рет тоқтап қалса, көбейгенде минутына 300-350-ге дейін соғады. (Оны “Монитор” деген арнаулы машинамен өлшейді). Сондықтан дәрігерлер үйден шығармайды. Аптасына бір рет келіп қарап тұрады. Алтыншы инфарктен кейін II топтағы еңбек мүгедегіне шығарған еді. Былтыр ВТЭК дәрігерлері I дәрежеге көшірген. Соғыстан сау келіп, бейбіт күнде мүгедек боп жатқан жай бар қазір. Әйтеуір, дәрігерлердің емі, женешелерінің жанқиярлық күтімімен өмір сүріп келемін.

Ауырып жүріп, “Менің замандастарым” деген романның алғашқы екі кітабын жазып бітірдім. Екіншісін былтыр ауруханада жатып аяқтадым. Оның ең соңын, жағдай не болады

деп, қасымда мені күзетіп палатада бірге жатқан жеңешелеріне түнделетіп ауызша айтып бітіруге тура келді. (Күндіз, дәрігерлер жүргенде жазуға рұқсат етілмеді). Енді соның үшінші кітабын қағазға түсіруім керек. Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында оны жалғастыра алмадым. “Боздақтарды” жаздым, радио мен теледидардан сөз сөйледім. Сонымен біраз уақытты өткізіп алдым. Бірақ, ол да керек шаруа еді. “Боздақтар” естелік-этиюдтері арқылы Отан үшін опат болған 400-500-дей ерлерді ел есіне түсіргеніме разымын.

Өзіңіз газеттен оқыған осы “Боздақтар” үлкен әскери роман болуға тиіс еді. Материалдарымның бәрі 10-15 папка болып, тізулі тұр. Бірақ соңғы жылдары жүрек ауруына шалдыққандықтан, ол романға кірісе алмадым. Оның үстіне “Боздақтарды” (бастапқы аты “100-атқыштар бригадасы” болатын) алғашында екі роман (“Махаббат, қызық мол жылдар” мен “Ақиқат пен аңыз”) кимелеп кетті. Оған енді кірісем деп жүргенде осындай ауруға ұшырадым. Сонымен, әзірге 100-бригада туралы осы “Боздақтарды” ғана жаза тұруға шамам келді. Оны түгелге жақын жариялаған “Халық кеңесі” газетіне, оның басшылары Жұмабек Кенжалин мен Жанболат Аупбаев інілеріме шексіз риза болдым. Ол ризалығымды теледидардан да айттым.

Енді, амандық болса, “Менің замандастарым” романының соңғы үшінші кітабын аяқтасам, одан соң “Боздақтар” романын бітірсем деймін. Одан кейін Халима жеңешелерің екеуміздің жастық, семьялық өміріміз жас ұрпаққа ғибрат боларлық және бір роман. Екеуміздің соғыс кезінде жазысқан хаттарымыз әлі күнге дейін сақтаулы тұр. Соны да жеке роман етіп жазсам деп және ойлаймын.

Мінеки, менің жоба-жоспарым осындай. Сіз сұраған соң бәрінде айтып жатырмын, бауырым. Бірақ бұларды жазғанмен, оны жарыққа шығаратын ешкім жоқ. Артынан айдалаға шашылып кетіп, бос бейнет бола ма деп те қауіптенесің. Шығармалар жинағымның 3-4 томдары шықпай “Жазушы” баспасында жатыр. Одан өзге 5-6 том дайын қолжазбалар үйде үюлі тұр. Бірақ, ауру болсаң да, жазбай және жата алмайсың. Тегі біздің қаламгерлік борышымыз жантайғанша жаза беру болар.

Әскери жазбалар, майдан хаттары, күнделіктер және үйіліп жатыр. Оларды іске асырып, кітап ете алмағаныңа ішің удай ашиды. Айтпақшы, Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында ие болған және бір қуанышым бар. 26 сәуірде “Ерен еңбегі үшін” медалімен наградталғанымды газеттерден Өзіңіз оқыдыңыз. Ал 27 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде Сәлима Қалқабаева деген қарындасымыз “Ә.Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер” деген тақырыпта филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. Ғылыми кеңес мүшелері диссертанттың еңбегін жоғары бағалап, оған бір ауыздан дауыс беріпті.

1945 жылы мен соғыстан келіп, осы университеттің филология факультетіне оқуға түсіп едім. 50 жылдан кейін сол университетте, сол солдат-студенттің творчествосы туралы диссертация қорғалуы өзгеше қуаныш болды. Және өзім құрал-пас жазушылардан диссертация тақырыбына алғаш ілінген қаламгерлердің бірі мен болсам керек. Жүректен шыққан қарапайым сөздерің ғылымға айналса, бұған қуануға болатын шығар, бауырым. Оның үстіне ескінің бәрі елеусіз калып жатқан заман емес пе қазір. Бұған да мың шүкіршілік!

Ал, Қайсар, хатымды осымен аяқтаймын. Келінге (атын білмегенім үшін кешірім сұраймын), балаларға, дос-жолдас-тарыңызға сәлем айтыңыз. Елеп хат жазғаныңыз үшін тағы да алғыс айтамын.

*Зор құрметпен  
Әз.Нұршайықов. 16.V.1995 ж.*

P.S. Газеттегі суретіңіз көмескілеу екен. Толық шырамыңа алмадым. Сондықтан маған бір ашықтау суретіңізді салып жіберерсіз. Өзіңізге мен де бір сурет жолдап отырмын.

*Әз.Н. 16.V.95.*